

"2018-2020 жылдарға арналған Ақмая ауылдық округінің бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №19/3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 қарашадағы № 31/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 қарашада № 6521 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы 9-1 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған Ақмая ауылдық округінің бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 19/3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6140 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылы 26 қаңтарында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

1. 2018-2020жылдарға арналған Ақмая ауылдық округінің бюджеті1 қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 78 925 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 2 365 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 110 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0;

трансферттердің түсімі - 76 450 мың теңге;

2) шығындар - 78 925 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - 0;

бюджеттік кредиттер - 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0;

қаржы активтерін сатып алу - 0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0;

қарыздар түсімі - 0;

қарыздарды өтеу - 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары - 0;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Шиелі аудандық мәслихат сессиясының
төрағасы:

Қ. Шәукебаев

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы:

Б. Сыздық

Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы "14
" қарашадағы №31/3 шешіміне қосымша

Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы "27
" желтоқсандағы №19/3 шешіміне 1-қосымша

2018 жылға арналған Ақмая ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
		Кіші сыныбы	
		Атауы	
		1. Кірістер	78925
1		Салықтық түсімдер	2365
	01	Табыс салығы	445
	2	Жеке табыс салығы	445
	04	Меншікке салынатын салықтар	1920
	1	Мүлікке салынатын салықтар	38
	3	Жер салығы	170
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1712
2		Салықтық емес түсімдер	110
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	50
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	50
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	60
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	60
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	76450
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	76450
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	76450
Функционалдық топ			

Функционалдық кіші топ				Сомасы
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			, мың
		Бағдарлама		теңге
			Атауы	
			2. Шығындар	78925
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	44445
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	44445
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44445
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16222
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	28223
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1662
	2		Әлеуметтік көмек	1662
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1662
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1662
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5320
	3		Елді-мекендерді көркейту	5320
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5320
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3236
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2084
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	15397
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	15397
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15397
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	15397
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0
7			Қарыздар түсімі	0
16			Қарыздарды өтеу	0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0